

Қазақстан Республикасы ішкі су жолдарының жағалау белдеуін пайдалану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 қыркүйектегі N 910 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 622 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 622 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы 8-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі су жолдарының жағалау белдеуін пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

1 2

қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 1 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы ішкі су жолдарының жағалау белдеуін пайдалану ережесі

1. "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы 8-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасы ішкі су жолдарының жағалау белдеуін пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) оны пайдаланудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Ішкі су жолдарының жағалау белдеуінде заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) кемелердің және өзге де жүзу құралдарының айлаққа келуіне, арқандап байлануына және тоқтап тұруына, жүктерді тиеуге, түсіруге және сақтауға, жолаушыларды кемелерге отырғызуға және кемелерден түсіруге арналған уақытша құрылғылар мен жүзбелі имараттар орналастыруға;

2) кемелердің алдын ала болжанбаған қыстап қалуы немесе олардың көлік оқиғаларына ұшырауы жағдайында уақытша имараттар мен құрылыстар салуға және басқа да қажетті жұмыстар жүргізуге рұқсат етіледі.

Уақытша имараттар мен құрылыстарға жағалау белдеуін уақытша пайдалану кезеңіне арнайы салынған немесе лайықталған объектілер жатады.

3. Ішкі су жолдарының жағалау белдеуінде навигациялық шырақтарды қоспағанда, кеме жолына қарай бағытталған қандай да бір тұрақты шырақтар орнатуға тыйым салынады.

4. алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.01 N 1434 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Жағалау белдеуі шектерінде руда емес құрылыс материалдарын өндіруді, орман кесуді, көпірлер салуды және басқа да жұмыстарды жүргізетін ұйымдар, осы белдеуде орналасқан кеме қатынасы мұқтаждарына арналған имараттардың сақталуын қамтамасыз етеді және жұмыстарды жүргізу кезінде болған осы имараттардың ақауларын уақтылы жөндеуді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.01 N 1434 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Уәкілетті орган, жағалау белдеуінің учаскесі қарауында болатын кәсіпорынның ұсынуы бойынша пайдаланушыға бұл учаскені осы орган белгілейтін мерзімге уақытша пайдалануға рұқсат береді. Жағалау белдеуін уақытша пайдалану мерзімін әрбір нақты жағдайда уәкілетті орган белгілейді.

7. Егер мұндай қызмет кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етумен сыйыспайтын болса, жағалау белдеуін шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға жол берілмейді.

8. Жағалау белдеуінде орналасқан объектілерді салу немесе қайта жаңарту жобалары міндетті түрде мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылуы тиіс.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.01 N 1434 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.